

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған **«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар»** атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

сабақтың өту барысы емес, алдын ала құрылымдалуы маңызды болады, деген ой түйін жасаймыз.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Даркенов Қ.Ф., Абжаппарова Б.Ж.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультеті

k_darkenov@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазіргі кезеңдегі аймақтық саяси үрдістерді зерттеуде кең қолданылатын зерттеу әдістері қарастырылады. Зерттеу әдістерінің мәні, функционалдық қызметі, ерекшелігі мен басымдылығы және кемшілігіне назар аударылады. Зерттеудің кезеңдері, тиімділігі, қолдану объектісі мен аясы, зерттеу әдістерінің өз ара сабақтастығы мен үйлесімі нақты мысалдар негізінде талданады. Аймақтық үрдістерді зерттеуде білім алушылардың сараптамалық бағалау әдістерін қолдануы оның ішкі құрылымын түсінуі зерттеу тақырыбын ашуда маңызды өзек екендігі көрсетіледі.

Кілт сөздер: зерттеу әдістері, аймақтық зерттеу, сараптамалық бағалау әдістері, жеке сараптамалық бағалау, ұжымдық бағалау

Аннотация. В статье рассматриваются методы исследования, широко используемые при изучении региональных политических процессов на современном этапе. Основное внимание уделяется сущности, функциональной деятельности, специфике и приоритету и недостаткам методов исследования. Этапы исследования, эффективность, объект и сфера применения, последовательность и сочетание методов исследования анализируются на конкретных примерах. Показано, что использование обучающимися методов экспертного оценивания при изучении региональных процессов является важным стержнем в раскрытии темы исследования.

Ключевые слова: методы исследования, региональное исследование, методы экспертной оценки, индивидуальная экспертная оценка, коллективная оценка

Кіріспе.

Қазіргі кезеңде аймақ мемлекеттеріндегі саяси үрдісті зерттеуде, олардың туу факторын айқындау мен диагностика жасауда, одан әрі траекториясына болжам жасауда әр түрлі зерттеу әдістері қолданылады.

Халықаралық зерттеудің әдістемесі мен әдістеріне байланысты дискуссия алпыс жылдам астам уақыттан бері созылып келе жатқандығына қарамастан [1,28], саяси үрдістерді зерттеуде зерттеу әдістерінің маңыздылығын және қажеттілігін теріске шығару мүмкін емес.

Саяси процестің нәтижесі - бұл бір қарағанда ұжымдық шешім немесе қоғамның шешімі болып табылатын саяси шешім [2,25]. Өткен және қазіргі кездегі саяси тәжірибенің әртүрлі аспектілерін талдау, тиімді шешімдер қабылдау үшін кәсіби білімі мен тәжірибесі бар мамандардың, әсіресе сарапшылардың рөлі ерекше. Бұл адамдар академиялық қоғамдастықтың мүшелері ме, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес құрылымдардың қызметкерлері ме, әлде жай жеке адамдар ма, олар әдетте сарапшылар деп аталады. Сарапшы – бұл басқаларға қарағанда сол саладағы мәселені терең меңгерген білікті маман.

Олар күнделікті функцияларын орындай отырып, қызмет иерархиясының әртүрлі деңгейлерінде өзекті мәселелерді зерттеу, талдау, шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Негізгі бөлім: Сараптамалық бағалау – елдік және халықаралық мәселелер бойынша қолданбалы саяси зерттеулерде шешім қабылдау үшін қажетті сенімді ақпараттың жетіспеушілігі болған кезде немесе бұл ақпарат ықтималды және дәстүрлі аналитикалық құралдармен тексерілмеген жағдайларда қолданылады. Сараптамалық бағалау-сарапшының өз құзыретіндегі қандай да бір проблема бойынша беделді пікірі. Сараптамалық бағалау кезінде, қоғамдық пікір сауалнамаларынан айырмашылығы, сұрақтар сарапшыға тікелей қойылады және алынған жауап мүмкіндігінше нақты болатындай етіп тұжырымдалады.

Сараптамалық бағалау, мәні бойынша, әрқашан мүмкін болатын дәлдікке ұмтылатын өлшеу нұсқасы болып табылады. Сонымен бірге, көбінесе интуитивті түрде пайда болатын және ұтымды негіздемесі жоқ жеке пікірге сүйену идеясы әрқашан сараптамалық қорытындыларды қолдану мүмкіндіктерін айтарлықтай шектеді [3,119]. Осыған байланысты, ХХ ғ. екінші жартысында «әдістемелік жарылыс» ерекше зерттеу бағытын қалыптастырды. «Әдістемелік жарылыс» ол адамның күрделі жағдайларда пайдалы ақпарат алу қабілетін жұмылдыратын ғылыми процедураларды тәжірибеге енгізуге тырысты.

Әскери сарапшылардың дамуы мен гуманитарлық зерттеулерде жүйелік талдауды қолдану тәжірибесіне сүйеніп батыстық және ресейлік сарапшылар:

- біріншіден, сараптамалық қорытындылардың субъективтілігін төмендетуге;
- екіншіден, көптеген сарапшылардың пікірлерін біріктіруге мүмкіндік беретін пәнаралық аналитикалық әдістерді қолдану;
- үшіншіден, тұжырымдарды қорытындылау кезінде мүмкін болатын қателіктер қаупін азайту спектрін жасады.

«Сараптамалық бағалау» ретінде анықталған әдістер тобына кейін ғылыми мәртебе берілді. әсіресе қолданбалы жобалардың болжамдық бағытының жалпы күшеюіне және оқиғалардың оптималды, оңтайлы және нақты даму ықтималдығы сияқты параметрлердің енгізілуі маңызды болды. Сараптамалық бағалау әдісі бұл сарапшы мамандармен жұмысты ұйымдастыру және сарапшылардың пікірлерін өңдеу әдістері. Сараптамалық зерттеулер

шешім қабылдау үшін ақпарат дайындау мақсатында жүргізіледі. Сараптамалық бағалау әдісі бойынша жұмыс жүргізу үшін Сараптамалық комиссияға біріктірілген сарапшылардың қызметін ұйымдастыратын жұмыс тобын құрады. Сараптамашы мамандар зерттеу объектісіне қарай іріктеледі. Олардың ұстанымы, пікірі ақиқатқа жақын бе, дәлдік бар ма, салдары, келешегі қалай болуы мүмкін деген сұрақтардың да жауабын іздейді.

Сараптамалық бағалау әдістерінің функциялары [4]:

- жағдайды бағалау, диагностика жасау;
- құбылыстың немесе процестің себептерін бағалау;
- саяси-экономикалық, әлеуметтік процестердің даму тенденцияларын болжау;
- саяси-экономикалық, әлеуметтік проблеманы шешудің жолдары мен әдістерін әзірлеу .

Сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезеңдері [5]:

- 1-кезең-ақпараттық материалдарды дайындау және сарапшыларды іріктеу.
- 2 кезең-сараптамалық қорытындыларды жинау және нәтижелерді өңдеу.
- 3 кезең-соңғы қорытынды дайындау.

Сараптамалық талдау жүргізу принциптері

- 1. Сарапшыларды даярлау.
- 2. Сараптамалық шешімдер қабылдаудың критерийлері мен шарттарын анықтау.
- 3. Сараптамалық бағалаудың оңтайлы әдісін таңдау

Сараптамашының кәсіби қасиеттері [6]

- біліктілік және тәжірибе;
- сараптамалық бағалау әдістерін меңгеруі.
- мамандануы.
- Саяси үрдістің тізбектік реакциясының барлық буындары мен даму, өзгеріске түсу жайы деңгейлері туралы түсінігінің болуы.

Сараптамашылар нені зерттейді деген сұрақ туады. Зерттеу спектрі кең.

Олар ғылым зерттеу жұмыстарына сараптама жасай отырып, қамтылмаған мәселелерге қатысты ұсыныс енгізеді не зерттеуге өздері қатысады

- Уақыт өте келе экономикалық жағдай қалай өзгереді?
- Он жылдан кейін қоршаған ортаға не болады?
- Елдің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етіле ме? Бұл үшін не істеу керек?
- Компанияның (кәсіпорынның) өнім нарығындағы сәтсіздіктерінің себептері қандай?
- Қазақстанның Еуразиялық Экономикалық Одақ құрамындағы экспорттық потенциалының жыл сайын төмендеу себебі не?
- Таулы Қарабақ толығымен Әзербайжан билігінің қол астына өтеді ме. Әлде, Ресейдің бір өзгерістер жасауы мүмкін бе.
- Орталық Азия мемлекеттері оның ішінде Қазақстан келешекте даму моделін өзгертуі мүмкін бе?

- Қазақстан өзіне тән аймақтық немесе әлемдік бренді қалыптасқан ел бола ала ма?
- Қазақстан технократ елдердің қатарына қосылу үшін не істеуі керек.
- Қазақстанда білім беру жүйесі мен мамандарды бөлу, орналастыру тиімді жүргізіле ме?

Субъектілер бойынша сараптамалық бағалаудың түрлері: 1. жеке 2. ұжымдық 3. күндізгі 4. сырттай.

Әдістер бойынша: 1. матрицалық, 2 болжамды сценарийді құру әдісі. 3. синоптикалық әдіс.

Сараптамалық бағалаудың жиі қолданылатын индивидуальды (жеке) әдісі

- Бір-біріне тәуелсіз сарапшылардың пікірлерін қолдануға негізделген.
- Тапсырыс берушінің сарапшыдан алатын ақпараты бірегейлігімен және оның локальды сипаттағы проблеманы терең білуімен ерекшеленеді.

Жеке сараптамалық бағалаудың әдістемелік нұсқалары.

- Сұхбат әдісі сарапшының «сұрақ-жауап» схемасы бойынша болжаушымен сөйлесуіне негізделген, ал жауап зерттелетін құбылыстың жүйелік моделінің элементі болып табылады.
- Идеяларды генерациялау (құру) әдісі ойлау процесін жоспарлы басқару арқылы сараптамалық бағалауды анықтауға негізделген.

Индивидуальды (жеке) немесе ұжымдық бағалау [7].

- Жеке бағалау-бұл бір маманның бағалауы. Мысалы, оқытушы студентке жеке өзі баға қояды, ал дәрігер науқасқа диагноз қояды. Бірақ студенттің нашар оқуы үшін оқудан шығарылу қаупі немесе аурудың қиын жағдайларында ұжымдық пікірге сүйенеді: оқытушылар комиссиясына немесе дәрігерлер кеңесіне.

Сараптамалық бағалаудың ұжымдық әдісі [8]

- Олар сараптамалық бағалаудың максималды объективтілігіне, шынайылығына қол жеткізу тұрғысынан ең тиімді болып табылады, өйткені ол мамандардың кең және өкілдік шеңберін қолдануды қамтиды.
- Топ идеяларының 70% жеке бағалаулардың қорытынды, қосындысы
- Сараптамалық бағалау әдісі ол кәсіби, ғылыми немесе практикалық білімге негізделген сарапшылардың интуитивті-логикалық пікірінен тұратындықтан ұжымдық талдау мен бағалау маңызды процесс.
- 635 әдісі – ол мимен шабуыл әдісінің бір түрі. 6,3,5 сандары 6 сарапшының қатысатынын білдіреді, олардың әрқайсысы 3 идеяны 5 минут ішінде ұсынуы керек.
- Әр сарапшы өз идеяларын жазатын парақ шеңберде қозғалады. Нәтижесінде әр сарапшы отыз минут ішінде алты параққа 18 идея жазады.
- Кей жағдайда 6 сарапшы бәрі бір мезгілде бастап, белгіленген уақыт ішінде аяқтау талабымен жиалып алынады.
- Егер тақырыпқа қатысты мәселеде бір идея екі рет немесе бірнеше рет қайталанса, осы идея маңыздылығына назар аудару қажеттілігі туады

Сараптамалық бағалау әдістері [9]

- Ассоциация әдісі. Бұл әдіс қасиеттері бойынша ұқсас объектіні басқа объектімен салыстырып зерттеуге негізделген.
- Жұптық (немесе екі) салыстыру әдісі. Бұл әдіс сарапшының ең қолайлы немесе артықшылықты таңдау керек балама нұсқаларды нақты салыстыратындығына негізделген.
- Артықшылық векторларының әдісі. Бұл сарапшы балама нұсқалардың барлық мүмкін жиынтығын талдайтын және олардың ең жақсысын таңдайтын әдіс.
- Фокалды объектілер әдісі. Бұл әдіс кездейсоқ таңдалған аналогтардың белгілерін зерттелетін объектіге беруге негізделген.
- Жеке сараптамалық сауалнама. Бұл сараптамалық бағалауды талдау түрінде сұхбат немесе сауалнама түрі. Жеке сараптамалық сауалнама сарапшы мен тапсырыс беруші арасындағы диалогты білдіреді, оның барысында тапсырыс беруші сарапшының алдына бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу үшін жауаптары өте маңызды сұрақтар қояды.
- Сараптамалық бағалауды талдауда сарапшы тапсырыс беруші жеке әзірлеген формулярды толтырады, оның нәтижелері бойынша проблемалық жағдайға жан-жақты талдау жасалады, сонымен қатар оны шешудің барлық мүмкін жолдары қарастырылады. Сарапшы осы мәселе бойынша өзінің барлық ойларын жеке жазбаша құжат түрінде шығарады.
- Орта нүкте әдісі. Бұл әдіс сараптамалық бағалау процесінде екі балама шешім тұжырымдалатындығына негізделген, олардың біреуі төмен, ал екіншісі, керісінше, жақсырақ. Осыдан кейін сарапшы үшінші балама нұсқаны таңдауы керек, оның бағасы ортасында, яғни бірінші және екінші балама мәндерінің арасында орналасқан.

Күндізгі контактілі ұжымдық сараптамалық бағалаудың әдістемелік нұсқалары.

- Талқылауға қатысушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған әдістер тобы (негізі-бетпе-бет талқылаудың психологиялық тәсілдері).
- Мәселе бойынша пікір алмасуды білдіретін әдістер тобы

«Ақыл ой шешімі» («Миға шабуыл») немесе «брейнсторминг» әдісі [10].

- Бұл ұжымдық талқылау жағдайында идеяларды құрудың шығармашылық процесін ынталандыру. Қатысушылардың назарын талқыланатын мәселеге аудара отырып, белгісіз жағдайда мүмкін болатын шешімдердің максималды санын жасауға мүмкіндік береді.

«Ми шабуылы» технологиясы

1. Идеяларды құру сатысын оларды бағалаудан бөлу процедурасы.
2. Мүмкіндігінше көп мамандарды тарту. Оңтайлы саны 7 (+, -2).
3. Сарапшылардың пікіріне әкімшілік әсер етудің болмауы.
4. Ұсынылған идеяларды сынға жол бермеу.
5. Бағалау кезеңінде ұсынылған идеялардың тіркесімі бар

Сараптамалық бағалау: сот әдісі

- «Сот әдісі» жиналыс әдісінің бір түрі болып табылады және сот процесін жүргізуге ұқсас жүзеге асырылады.
- "Сотталушылар" рөлінде таңдалған шешімдер бар;
- "Судьялар" рөлінде-шешім қабылдаушылар;
- «Прокурорлар» және «қорғаушылар» рөлінде - сарапшылар тобының мүшелері.
- «Куәгерлердің» рөлін сарапшылардың әртүрлі дәлелдері орындайды.
- Мұндай «сот процесін» жүргізу кезінде белгілі бір шешімдер қабылданады немесе қабылданбайды.
- "Сот" әдісін әртүрлі шешімдерді ұстанатын бірнеше сарапшылар тобы болған кезде қолданған жөн

Сараптамалық бағалау әдістері. **Сот әдістемесі.**

- Топтағы проблемалық жағдайды талқылауды ұйымдастыру.
- Бір тарап тәуелсіз ұсыныстар жасаған кезде, ал екінші тарап бұл ұсыныстарға сын айтады. Нәтижесінде-мұқият сараптама барысында ең негізделген және оңтайлы шешім қабылданады.

Синектика әдісі [11] XX ғ.60 жылдары кәсіпорын ұйымдастырған инновациялық міндеттерді шешу бойынша У.Гордон зерттелетін мәселелерде ең дұрыс шешімдерді мамандар емес, әуесқойлар ұсынуы мүмкін деген пікір білдірді.

Синектикалық әдіс технологиясы. Әр түрлі мамандардан құрылған топ. Ұсынылған идеяларды сыни тұрғыдан түсіну. Сарапшының функциясы-әр идеяны ғылыми тұрғыдан тексеру және «идеяларды сүзу». Синекторлар-жетекші пікірталастар

Жеке сараптамалық бағалау әдістері: [12]

- Сұхбат әдісі (Интервью әдісі)
- Аналитикалық әдіс
- Сценарий жазу әдісі

Сұхбат әдісі – болжаушы маманның алдын-ала дайындалған сұрақтар тізімі бойынша сарапшымен сөйлесуін жүзеге асырады [13]. Сұхбат әдістің артықшылығы: сарапшының жеке қабілеттерін барынша пайдалану мүмкіндігі жоғары. Сұхбат әдістің кемшілігі: басқа мәселемен байланысты білім салаларында сарапшының шектеулілігі, нәтижесінде бұл әдіс күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды болжау кезінде қолданылмайды.

Аналитикалық әдіс [14,96] 1. бұл кез-келген жағдайды, құбылысты, оқиғаны сарапшының интуитивті-логикалық талдауы арқылы жүзеге асырылады. 2. Қорытындыларды ол баяндама жазбасы түрінде ресімдейді.

Аналитикалық әдістің артықшылығы:

- бұл әдіс сарапшының жеке қабілеттерін, зерттелетін мәселені терең түсінуімен тығыз байланысты
- Сарапшының білімін, қабілетін, талдау деңгейін тәуелсіз, дербес түрде көрсетуіне мүмкіндік береді.

Аналитикалық әдістің кемшілігі:

- сарапшының шектеулі біліміне байланысты болжау үшін күрделі жүйелерді қолдану мүмкіншілігінің төмендігі.
- Сарапшы әр түрлі жағдайларға байланысты қате қорытынды жасауы мүмкін
- (уақыттың тығыздығы, әр түрлі қысым, лоббизм т.б)

Сценарий жазу әдісі [15,24],[16,430] әртүрлі жағдайларда процестің немесе құбылыстың логикасын анықтауға негізделген. **Сценарийде мына маңызды мәселелер қамтылады:**

1. оқиғалардың дамуының ықтимал нұсқалары,
2. мәселелерді шешудің қажетті реттілігі,
3. мүмкін кедергілер мен проблемалар.

Сценарий жазу әдісінің артықшылығы:

1. Зерттеу әдістерін терең меңгерген маман оқиға, процесс, жағдайға немесе жеке тұлғалардың іс әрекетіне диагностика жасай отырып оның одан әрі даму, өрбу үрдісін айқындай алады.

2. Сарапшының логикалық-интуитивті пікірін, көзқарасын тереңдетеді, жетілдіреді

Кемшілігі:

1. Маманның шектеулі білімі немесе қажетті ақпаратты толық қамтымауы мен игермеуі сценарийдің қате жасалуына соған сәйкес қателікке соқтырады.

2. Әр түрлі факторлар ықпалымен әдейі қате сценарий жасалуы мүмкін

Сараптамалық бағалаудың ұжымдық әдістері :

1. комиссия әдісі
2. Идеяларды ұжымдық құру әдісі (ми шабуылы)
3. 635 әдісі
4. Дельфи әдісі [17,226]

Комиссия әдісі «дөңгелек үстелде» комиссия құрамына енген сарапшы мамандар мәселені жан-жақты қарастырып талдайды және әрқайсысы өз ұсыныстарын айтады.

Комиссия әдісін пайдалану ережесі:

1. Қойылған мәселенің жалпы тұжырымдамасы аясында жалғыз басты мәселені бөліп көрсету жеткілікті.

2. күрделі мәселені нақты анықталған тар міндеттерге бөлу;

3. кез-келген идеяны жалған деп жарияламау және зерттеуді тоқтатпау;

4. ең алдымен, алдыңғы мәлімдемемен байланысты идеясы бар адамдарға сөз беру;

5. идеялардың мәнін алдын-ала бағаламаңыз, кез-келген идеяны алыңыз, тіпті егер оның болуы қазіргі уақытта күмәнді болып көрінсе де;

6. қатысушыларды өздерін еркін ұстау үшін барлығына қолдау көрсету және ынталандыру.

Идеяларды ұжымдық (генерациялау) құру әдісі (ми шабуылы)

мамандарды келесі мақсаттарда пайдаланудан тұрады:

1. Идеяны генерациялау,
2. осы идеяларды құрылымдау (бөлшектеу) ,

3. Қарсы идеяны (контридеяны) қалыптастыру,
4. келісілген көзқарасты дамыту.

Идеяның кезеңдері:

- 1) 10-15 адамнан тұратын сарапшылар тобын қалыптастыру;
- 2) проблемалық жазбаны құрастыру;
- 3) кез-келген ұсынылған идеяны сынауға тыйым салынатын идеяларды қалыптастыру (ұсынылатын ұзақтығы 20 минуттан 1 сағатқа дейін);
- 4) идеяларды жүйелеу;
- 5) идеяларды жою;
- 6) сын-ескертпелерді бағалау және іс жүзінде іске асырылатын идеялардың тізімін жасау.

635 әдісі – жиі қолданылатын миға шабуыл әдісінің бір түрі [18]. Бұл әдістің ерекшелігі бұл әдісті сарапшыларға оқшаулану түрінде (сырттай) және оларды бір жерге жинау, топтау арқылы қолдануға болады. Көпшілігінде ұжымдық әдіс ретінде қолданады. 6,3,5 сандары 6 сарапшының қатысатынын білдіреді. Олардың әрқайсысы 5 минут ішінде 3 идеяны ұсынуы керек. Әр сарапшы өз идеяларын жазатын парақ шеңберде қозғалады. Сарапшылардың дербестігін, танымал, күшті мамандар алдында тәуелсіздігін немесе мәселеге қатысты анонимдігін сақтау мақсатында ұжымдық талдау оқшаулану арқылы да жүргізіледі. Нәтижесінде әр сарапшы отыз минут ішінде алты параққа 18 идея жазады. Барлығы 108 идея ($18 \times 6 = 108$) алынады. Сарапшылардың идеялары мен ұсыныстары жинақталады және олардың ішінен өзектілерін таңдау мақсатында қарастырылады

Сараптамалық топтың нәтижелерін кез-келген өңдеуде жеке артықшылықтардан топтық артықшылыққа ауысу, яғни жиынтық қорытынды, нәтиже алу проблемасы туындайды. Проблемалық жағдайдың бірнеше негізгі түрлері бар:

- сарапшылар тобының мүшелері қарама-қарсы көзқарастарды ұстанады. Мұндай жағдайда орташа деңгей біліктілігі жоғары емес сарапшылардың жеңісіне ықпал етуі мүмкін;
- сарапшылар тобының мүшелері «ұпайларды» есептеудің әртүрлі принциптерін қолданады, бұл бағалаудың әр түрлі болуына әкеледі;
- сарапшылар тобының мүшелері артықшылықтардың циклдік сипатын көрсетеді және объект белгілерінің иерархиясын нақты анықтай алмайды. Мұндай нәтиженің негізгі себебі сарапшылардың объектілерді бір белгі бойынша бағалаудан басқа белгі бойынша бағалауға көшуі болып табылады.
- Сараптамалық қорытындыларды өңдеу процесіне қойылатын басты талаптардың бірі орташаландырудың, әркелкіліктің және циклділіктің теріс әсерін болдырмау болып табылады.

Ұжымдық әдістің кемшіліктері

- талқылау кезіндегі жалған ақпарат;
- Топтың жетекшісіне немесе беделді тұлғасына қысым жасау;
- Топта қандай да бір келісімге қол жеткізу;

- белгілі бір нәтижеге мүдделілік;
- теріс түсінігі.

Қорытынды. Аталған саяси үрдістерді зерттеу әдістері халықаралық және аймақтық проблемаларға қатысты кең, ауқымды қолданысты. Зерттеу әдістерін тиімді қолдану саяси жағдайға диагностика жасау мен болжамға мүмкіндік береді. Бұл аймақтық немесе жекеленген мемлекеттер ішіндегі саяси-экономикалық, әлеуметтік тұрақтылыққа жетуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Теория международных отношений. Учебник для вузов. Под ред. П.А.Цыганкова. – Москва: Издательство Юрайт, 2021. – 316 с.
2. Олейнов А.Г. Введение в экономический анализ политических процессов: Учеб.пособие для студентов вузов. – М.: Издательство «Аспект Пресс», 2015. – 240 с.
3. Боришполец К.П. Методы политических исследований: Учеб. Пособие для студентов вузов. М.: Аспект Пресс, 2010. – 230.
4. Методы экспертных оценок, область применения. <http://www.learnmanage.ru/lmans-173-1.html> (қаралды 20.11.2022 г.)
5. Основные этапы экспертного оценивания. <https://port-u.ru/glava-4-ekspertnye-metody-v-upravlencheskoj-diagnostike/4-2-osnovnye-etapy-ekspertnogo-otsenivaniya> (Қаралды 19.11.2022)
6. Кто такой эксперт и что такое экспертиза. <http://courses-p2.tilda.ws/pr-1#rec221850311> (Қаралды 18.11.2022)
7. Эксперттік бағалау әдістері. <https://engime.org/sabati-masati-ou-masati.html?page=3>
8. Методы коллективных экспертных оценок. <https://center-yf.ru/data/Marketologu/Metody-kollektivnyh-ekspertnyh-ocenok.php>
9. Методы экспертных оценок: особенности и разновидности. <https://scienceforum.ru/2018/article/2018000228> (Қаралды 18.11.2022)
10. Что такое мозговой штурм: правила. <https://sendpulse.kz/support/glossary/brainstorming> (Қаралды 19.11.2022)
11. Метод синектики: примеры, преимущества и недостатки. <https://lifemotivation.online/razvitie-lichnosti/samorazvitie/metod-sinektiki>
12. Индивидуальные экспертные оценки: понятие, методы, особенности применения, преимущества, недостатки. https://studwood.net/768045/menedzhment/individualnye_ekspertnye_otsenki_ponyatie_metody_osobennosti_primeneniya_preimuschestva_nedostatki
13. Интервью как исследовательский метод. https://studref.com/417963/sotsiologiya/intervyu_issledovatel'skiy_metod
14. Барыгин И.Н. Международное регионоведение: Учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2009. – 384 с.
15. Ивонина О.И. Теория международных отношений: учебник для вузов. – Москва: Издательство Юрайт, 2021. – 188 с.

16. Попова О.В. Политический анализ и прогнозирование. М.: Аспект Пресс, 2011. – 464 с.
17. Политический анализ и прогнозирование. Учебное пособие Под ред. В.Семенова, В.Колесникова. – СПб.: Питер, 2014. – 432 с.
18. Метод 635. <https://helpiks.org/5-55859.html> (Қаралды 20.11.2022)

ҚЫСҚА ӘНГІМЕЛЕРДІ ОҚЫТУ МЕН ЖАЗДЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

*Даулеткереева Н.Ж., ф.ғ.к.
НЗМ ДБҰҰ Білім беру бағдарламалары
орталығы филиалының Лингвистикалық бағыттағы
пәндер бөлімінің expertі,
Мукатаева Л.С.
БҚО, Казталов ауданы, Қайыңды ЖОББМ
«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі*

Аннотация. Написание кратких рассказов развивает у учеников их словарный запас и креативность в письме. Однако, изначальное знание написания кратких рассказов, ученики получают от чтения. Предлагая ученикам чтение кратких рассказов, учитель не только намеревается их воспитывать, перенять пример у героев рассказа, знать содержание того материала, но и ставить цель научить их умению написать краткий рассказ самостоятельно, учитывая при этом стилистико-структурные особенности и художественность.

Кілт сөздер: болжау, кіріспе, жазылым алды тапсырмасы, эмоционалды-экспрессивті сөздер, кейіпкер бейнесі, оқиғаның шиеленісуі.

Оқылым дағдысына қатысты сабақта оқушыларға ұсынылатын тапсырмалардың түрі өте көп. Оның түрленуі сабақтың мақсатына және қосалқы таңдалған дағдыға байланысты болып келеді. Егер сабақта оқушылардың оқылым дағдысын дамыту негізгі мақсат болатын болса, оқуға ұсынылған мәтін мазмұны басымырақ талданады және талдау не жазбаша не ауызша жүзеге асырылады. Оқылым мақсатына қосалқы мақсат ретінде грамматика таңдалатын болса, немесе алдыңғы сабақта грамматика меңгертіліп, оқылыммен тығыз байланыс орнату арқылы аталмыш грамматиканы пысықтауды мұғалім мақсат етсе, оқылым тапсырмасы грамматикалық білімді игертуге бағытталады. Мәселен, оқушылар мәтінді оқып отырып жақшада берілген етістіктердің тиістісін таңдайды не оларды тиісті формаға қояды. Кейде оқылым керісінше қосымша дағды ретінде де таңдала алады. Мұндай жағдайда мәтінді мазмұндық тұрғыда терең талдамай, ондағы астарлы ойды анықтамай-ақ, жай мазмұнын түсіну мақсат етіледі және мұндай жағдайда